

## Белсенді оқыту технологиялары арқылы бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамыту.

<b>ЖАРИЯЛАНДЫ</b> 02.11.2025	<b>ТІРЕК СӨЗДЕР</b> active method, активный метод, creative thinking, creativity, game, inactive method, interactive, learning, method, primary school students, rule, technology, ученики начальных классов, әдіс, бастауыш сынып оқушылары, белсенді әдіс, белсенді емес әдіс, ереже, игра, интерактивный, интербелсенді, метод, неактивный метод, обучение, ойын, оқыту, правило, творческое мышление, творчество, технология, шығармашылық, шығармашылық ойлау	<b>СІЛТЕМЕ</b> <a href="https://bilimger.kz/183665/">https://bilimger.kz/183665/</a>
---------------------------------	---	---

### **Болат Ақтолқын Мұратқызы**

Жетекші: **Тұрғанбаева Бейбітгүл Шәкәрімқызы**

Шәкәрім университеті КеАҚ

**Аннотация.** Бұл мақалада бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілетінің төмендігі, дәстүрлі оқытудың қазіргі заманда қолданудың тиімділігінің болмауы және осы мәселелерде интербелсенді оқыту технологиясы мен әдістерінің әсері қарастырылған. Зерттеу жүргізу арқылы біз бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілетін интербелсенді әдістерді қолдану арқылы дамытатынымызды дәлелдедік. Ғылыми, ғылыми әдістемелік әдебиеттерге талдау жасап, теориялық және эмпирикалық әдістерді қолдана отырып зерттеуіміздің шешімін таптық. Зерттеуімізде эксперименттің бірнеше түрін қолданып нәтижесін аңғара алдық. Зерттеудің нәтижесінде бастауыш сынып жасындағы оқушылардың интербелсенді әдістерді қолдану арқылы шығармашылық қабілетін арттыра отырып, оқушылардың білім деңгейлерінің көтерілгендігін байқадық.

Бұл мақала жұмысында, біріншіден, интербелсенді оқыту технологиясы жан-жақты әдебиет көздерінен зерттеледі. Екіншіден, бұл технологияның әдіс-тәсілдері жинақталып, оларға негізгі сипаттама беріліп кетеді. Соңында, бұл технологияның

бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілетін дамытудағы маңызы қарастырылады. Интербелсенді әдістерді әдістерін жүйелі қолдану бастауыш сынып оқушыларының ақпаратты жіктеу, ойлау, топпен жұмыс жасау, бағалау, қорытынды жасау, коммуникативті және шығармашылық ойлау дағдыларын, шығармашылық қабілеттерін, білім беру қызметіндегі белсенділікті қалыптастыру қабілеттерін барынша арттыруға мүмкіндік беретіні қарастырылады. Үшіншіден, бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілетін дамытуда технологияның әдіс-тәсілдерін енгізу бойынша зерттеу жүргізіледі. Зерттеу нәтежиесінде, бұл технологияның әдіс-тәсілдерінің бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілетін дамытуда тиімді екені жазылған.

**Кілтті сөздер:** интербелсенді, әдіс, технология, бастауыш сынып оқушылары, оқыту, белсенді әдіс, белсенді емес әдіс, шығармашылық, шығармашылық ойлау, ойын, ереже.

### **Развитие творческих способностей младших школьников через технологии активного обучения**

**Аннотация.** В статье рассматриваются проблемы низкого уровня творческих способностей у младших школьников и ограниченная эффективность традиционного обучения в современных условиях. Анализируется роль интерактивных образовательных технологий и их влияние на развитие творческих способностей учащихся. В ходе исследования проведён обзор научной и научно-методической литературы, использованы теоретические и эмпирические методы. Результаты эксперимента показали, что применение интерактивных методов способствует повышению уровня знаний младших школьников, а также развитию их навыков мышления, анализа, работы в группе, оценки и умения делать выводы.

Структура статьи включает, во-первых, исследование интерактивных образовательных технологий на основе различных источников литературы и описание их основных методов. Во-вторых, анализируется вклад этих технологий в развитие творческих способностей учащихся младших классов. Систематическое использование интерактивных методов позволяет значительно развить у учеников навыки анализа информации, логическое и коммуникативное мышление, активность в образовательном процессе. По результатам исследования доказано, что интерактивные методы обладают высокой эффективностью для развития творческих способностей младших школьников.

**Ключевые слова:** интерактивный, метод, технология, ученики начальных классов, обучение, активный метод, неактивный метод, творчество, творческое мышление, игра, правило.

### **Developing the creative abilities of primary school students through active learning technologies.**

**Annotation.** This article discusses the low development of creative thinking of Primary School students, the lack of effectiveness of the use of traditional teaching in the modern world, and the influence of interactive learning technologies and methods on these issues. By conducting research, we have proven that we develop creative thinking in primary school students using interactive methods. We analyzed the scientific, scientific methodological literature and found a solution to our research using theoretical and empirical methods. In our research, we were able to explain the results using several types of experiments. As a result of the study, we observed an increase in the level of knowledge of students in primary school age, increasing their creative thinking thinking through the use of interactive methods.

In the work of this article, firstly, the technology of interactive learning is studied from comprehensive literature sources. Secondly, the methods and techniques of this technology are summarized and given the main characteristics. In addition, the importance of this technology in the development of creative thinking of Primary School students is considered. It is considered that the systematic use of the methods of interactive methods makes it possible to maximize the ability of Primary School students to classify information, think, work in groups, evaluate, draw conclusions, form the skills of communicative and logical thinking, activity in educational activities. Thirdly, a study is conducted on the implementation of methods and techniques of technology in the development of creative thinking of Primary School students. As a result of the study, it is noted that the methods of this technology are effective in developing creative thinking of Primary School students.

**Key words:** interactive, method, technology, primary school students, learning, active method, inactive method, creativity, creative thinking, game, rule.

### **Кіріспе**

Қазіргі уақытта оқушылардың белсенділігін арттыруға мүмкіндік беретін, қарым-қатынасқа жағдай жасайтын, шығармашылық қабілетін дамытуға арналған жаңа тәсілдер – интербелсенді деп аталып жүр. Бұл әдістерді қолдану сырттай өте жеңіл көрінгенімен, өзіндік ерекшеліктері мен қиындықтары да бар. Интербелсенді — ағылшынның “өзара әрекет” деген сөзі. Бүгінгі күні білімді дайын қалпында қабылдамай, оны өздігімен құрастырудың тұлғаны дамытатындығы, өздігімен құрастырылған білімнің есте ұзақ мерзімде сақталатындығы дәлелденіп отыр. Басқаша сөзбен айтқанда, оқытудың басты мақсатын дәстүрлі «Өмір бойы азық боларлықтай білім беру» үлгісінен «Өмір бойы оқып үйрену» қағидасына ауыстыру керек[1, б. 4].

Оқытуда тағы да бір мәселеге ерекше назар аудару: бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілетін дамыту. Қазіргі уақытта бастауыш сынып оқушыларынан мынадай қиындықтарды жиі кездестіреміз:

— Қазіргі уақытта бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілетінің дамуының деңгейі әлсіреуі.

— Шығармашылық тапсырмаларды орындауы біраз оқушыларға тым күрделі бола түсуі.

Бастауыш сынып оқушыларын оқытудың маңызды бағытының бірі – шығармашылық ойлау қабілетін дамыту. Осы процесс қазіргі таңда педагогика саласының өзекті мәселесі болып табылады, оған көптеген оқу бағдарламалары мен әдістемелік әдебиеттеріндегі зерттеулер дәлел.

Шығармашылық – бұл адамның өмір шындығында өзін — өзі тануға ұмтылуы, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі қажет. Адам бойындағы қабілеттерін дамытып, олардың өшуіне жол бермеу оның рухани күшін нығайтып, өмірден өз орнын табуға көмектеседі.

Шығармашылық психологиялық тұрғыдан алғанда, нәтижесінде жаңа материалдық рухани құнды дүние тудыратын әрекет. Ал педагогикалық тұрғыдан алсақ, шығармашылық дегеніміз – адамның белсенділігі мен өз бетінше жұмыс істеуінің жоғары түрі және ол әлеуметтік қажеттілігі мен өзіндік ерекшелігімен бағаланады.

Американдық психолог Фромм анықтамасы бойынша шығармашылық дегеніміз – бұл, тани білу, жаңа бір нәрсені анықтауға ұмтылу және өз тәжірибесін терең түйсіне білу қабілеті [2].

Жалпы педагогикалық процесте шығармашылық мәселесі маңызды орын алады. Озат ұстаз оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту барысында оқыту мен тәрбиелеу әдістерінің жаңа түрлерін іздей отырып, өзі шығармашылықты тұлға болып дамиды.

Бұл мәселе белгілі психологтар мен ғалымдар Л.С. Выготский, С.Л. Рубинштейн, А.Г. Ананьев, А.Н. Леонтьев, Слостенин, А.В. Крутецкий, Ю.Л. Львова, республикамыздағы танымал ғалымдар М.М. Мұқанов, Н.Д. Хмель, С.В.Илларионов еңбектерінің өзегі болып табылады.

Оқушылардың шығармашылық ойлау қабілеттерін дамытуда мынадай талаптарды басшылыққа алдық:

- Сабаққа оқушыларды түгелдей қамту;
- Жеке дара қасиеттерін ескере білу;
- Іс-әрекетке қызықтыра білу;
- Интербелсенді оқыту технологиясы мен әдістерді қолдау.

### **Зерттеу материалдары, нысаны және әдістері**

Зерттеуде ғылыми әдебиеттерді теориялық зерттеу және жалпылау, сонымен қатар, педагогикалық бақылау, сауалнама, статистикалық нәтижелерді өңдеу әдістері қолданылды. Оқытудың интербелсенді әдістерін 4 топқа бөлуге болады: топтық оқыту,

фронтальдық оқыту, ойын барысында оқыту, пікірталас барысында оқыту. Осының ішінде топтық оқыту интербелсенді оқыту әдістері басқа әдістерден қарағанда тиімді, сапалы нәтиже берді. Зерттеу нысанына Семей қаласы «№10 ЖОББМ» бастауыш сынып оқушылары бақылауға алынды.

### Нәтижелерді талқылау

Зерттеуіміз интербелсенді әдістерді қолдана отырып, бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілетін дамыту аясында жүргізілді. Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілетін дамытуға бағытталған интербелсенді әдістердің әсерін көрсету **мақсатын** қойдық.

Мақсатқа сәйкес келесі **міндеттер** айқындалды:

- Ғылыми, ғылыми әдістемелік әдебиеттеріне талдау жасау;
- Интербелсенді әдістердің тиімділігін анықтау;
- Интербелсенді әдістердің бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілетінің дамуына әсерін анықтау.

**Болжамы:** егер сабақта интербелсенді әдістерді қолданатын болсақ, онда бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық ойлауы дами түседі.

Интербелсенді оқу/оқыту бірінші кезекте білімді меңгеру үдерісіне қатысушылардың (білім беруші мен білім алушы) тиімді қарым-қатынасына негізделеді. Ағылшын тілінен келген «*интерактив*» сөзі де осы ұғымды білдіреді: «*inter*» дегеніміз «*өзара*» мағынасында, ал «*act*» — «*әрекет жасау*» дегенді білдіреді. Басқаша айтқанда, «интербелсенді» дегеніміз біреумен қарым-қатынаста болу, онымен бірлесе әрекет жасау, диалог құру [3, б. 192].

### Дәстүрлі оқыту мен интербелсенді оқудың айырмашылықтары

Оқу жүйелері Параметрлер	Дәстүрлі білім беру (білімді жинақтауға негізделеді)	Интербелсенді оқу (білімді өздігімен игеруге негізделеді)
Объект	Оқушы	Бүкіл Әлем, бүкіл өмір (өмір сүру, еңбек жасау, қарым-қатынас, жаңа нәрсеге үйрену)
Оқытушы рөлі	Білім көзі, белсенді үйретуші, оқушыдан анағұрлым көп білуші	Таным процесі мен үйренуді ұйымдастырушы, жүргізуші, бағыт-бағдар сілтеуші,
Оқушы рөлі	Айтқанды орындаушы, қайталаушы, тыңдаушы	Белсенді, өз біліміне деген жауапкершілікті түсінуші, білімді өздігімен игеруші

Оқытушы әрекеттері	<ul style="list-style-type: none"> <li>— мәліметтеме ақпараттар береді;</li> <li>— өзі жасаған қорытындылар мен тұжырымдарды келтіреді;</li> <li>— тапсырмалар береді;</li> <li>-оқушылардың білімін тексереді.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>— оқушылардың мынандай қабілеттері дамытуға ұмтылады:</li> <li>— өзіндік әрекеттер мен көзқарас қалыптастыру мен дамыту,</li> <li>— ақпаратты өздігімен игеру:</li> <li>— талдау, шешім қабылдау, жаңа мазмұн құру</li> </ul>
Оқушы әрекеттері	<ul style="list-style-type: none"> <li>— бастамшылдық пен ынтаны көрсетпейді, олардың есіне өз міндеттерін жиі салып, әрекеттерін қадағалап, бақылап отыру керек.</li> <li>— сабақта енжарлық пен ыртиярсыздықты байқатады.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>— білімді өздігімен игереді; олар білімді өзіндік түсінік, ойлар, көзқарас деп түсінеді.</li> <li>— өз біліміне деген жауапкершілігі жоғары: оларға еш қысым жасаудың қажеті жоқ</li> <li>— белсенді.</li> </ul>

ИОТ-сын пайдалану әр оқушының іс-әрекетін сабақтастыруға (өзара әсерлесудің бүтіндей жүйесі пайда болады: мұғалім – оқушы, мұғалім – сынып, оқушылар – сынып, оқушылар – оқушылар, топ – топ, топ – оқушы), оның оқу әрекетін және тұлғалар арасындағы танымдық қатынастарын байланыстыруға мүмкіндік береді [4, б. 128].

Анықталған мәселені шешу үшін зерттеу жұмысы барысында интербелсенді оқыту технологиясы әдіс-тәсілдерін, тапсырмаларын 3 «А» сынып оқушыларына енгізу көзделді. Тәжірибелік-эксперимент жұмысы Семей қаласы «№10 жалпы білім беретін мектеп» КММ жүргізілді. Тәжірибеге 18 оқушы қатысты.

Тәжірибелік-экспериментке қатысқан бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық ойлау деңгейін зерттеу үшін біз диагностиканың таңдаулы әдістерін қолдана отырып, зерттеулер жүргіздік. Әрбір кезеңнің соңында оқушылардың шығармашылық ойлау деңгейінің бастапқы және соңғы деңгейін анықтау жүзеге асырылды.


Эксперимент алдымен жеңіл, орташа, күрделі шығармашылық тапсырмалар алу арқылы оқушылардың бастапқы деңгейін анықтау арқылы анықталы. Тапсырмалардың мақсаты — оқушылардың білімді қабылдауын, сабақтарға деген қызығушылықтарын, шығармашылық ойлау ерекшелітерін анықтау[5, б. 176].

Қалыптастырушы эксперимент кезеңнің мақсаты — 3-сынып оқушыларының шығармашылық ойлау даму деңгейін анықтап, оларды дамыту. Бұл кезеңде математика пәні бойынша интербелсенді әдістерді қолдана отырып, тапсырмалар беру. Қолданылған әдіс-тәсілдер: «Миға шабуыл», «Кейс – стади», «Бинго», «Ойлан, жұптас – бөліс», «топтық жұмыс» қолданылды[6, б. 2].


Атқарылған жұмыстың тиімділігін тексеру үшін бақылау эксперименті жүргізілді, оның мақсаты – оқушылардың шығармашылық ойлауын қалыптастыруда жүргізілген жұмыстардан соң, 3-сынып оқушыларының оқу процесіне қатысу, шығармашылық ойлау деңгейлерінің артуының қорытынды деңгейін анықтау. Жүргізілген жұмыстар тізбегінің

тиімділігін тексеру үшін нәтижелерді салыстыруды шештік.

Нәтижелерді талдау көрсеткендей, бақылаушы сынып оқушыларының деңгейі бір қалыпты болып, тәжірибелік сынып оқушыларының қызығушылық деңгейінің көрсеткіші біршама өскені байқалды.



Сурет 1. Экспериментке дейінгі тәжірибелік сыныптың шығармашылық тапсырма нәтижесі



Сурет 2. Эксперименттен кейінгі тәжірибелік сыныптың шығармашылық тапсырма нәтижесі

Алынған мәліметтерді талдаудан шығатын қорытынды: оқушылардың жалпы деңгейін сараптауда, бастапқы нәтиже бойынша 6 оқушы жоғары деңгейде 24%-ды құраған болатын, кейін, 36%-ға көтерілді, яғни 9 оқушы жоғары деңгейді көрсетті. Орташадан жоғары деңгей бойынша бастапқы нәтиже оқушылардың 8%-ы, яғни 2 оқушы көрсетті. Кейін 6 оқушы орташадан жоғары деңгейде 24%-ға көтерілді. Бастапқы нәтиже бойынша орта деңгейді оқушылардың 40%-ы, яғни 10 оқушы көрсетті. Кейін, 7 оқушы орта деңгейде 28%-ға көтерілді. Оқушылардың 28%-ы, бұл дегеніміз 7 оқушы төмен деңгейдің көрсетілімі 12%-ға төмен түсті, бұл 3 оқушы.

**Қорытынды.** Қорыта келе, интербелсенді оқыту технологиясының әдіс-тәсілдері, шығармашылық тапсырмалар жинағы бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілетін дамытуына, артуына тиімді екені дәлелденді.

Біріншіден, ғылыми әдебиеттерге зерттеу тақырыбы тұрғысынан жасалған талдау «интербелсенді әдістер», «логика», «интербелсенді оқыту технологиясы» ұғымдарының мәні мен мазмұнын анықтауға мүмкіндік берді. Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілетін дамыту барысында интербелсенді әдістерді қолдану нәтижелері қалыптасқан оқушы – шығармашылық ойлауы дамыған, шығармашылық жұмыстарды орындау дағдылары қалыптасқан, топтық, жұптық, өздік тапсырмаларды орындай алатын тұлға. Екіншіден, зерттеу барысында дайындалып, тәжірибеден өткен

зерттеудің мақсаты — бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілетін дамытуға бағытталған интербелсенді әдістердің әсерін көрсету мүмкін болғандығы дәлелденді. Үшіншіден, оқу процесінде оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуда интербелсенді әдістерді анықтап, тәжірибелер жүргізілді және сол арқылы белгілі нәтижелерге жетіп, өсуді байқай алдық.

Зерттеу міндетіне сәйкес әзірленіп, бастауыш мектептің оқу-тәрбие үдерісінде тәжірибеден өткен «Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық ойлау дамуына бағытталған тапсырмалар» оқушылардың шығармашылық дамуын, интербелсенді әдістердің тиімділігін қалыптастыруды жүзеге асырды. Тапсырмаларды беру барысында қолданылған интербелсенді әдістер пәнге деген қызығушылықты, шығармашылық ойлау жылдамдығына ықпал етті.

Тәжірибелік-эксперимент жұмысының қалыптастырушы кезеңінде алынған нәтижелер оқушылардың шығармашылық қабілетінің өскенің, яғни бастапқы нәтижеде төмен деңгейде тапсырған оқушылардың оқу пәніне деген қызығушылығы артқаның, топпен және мұғаліммен бірге жұмыс жасап, шығармашылық даму деңгейінің артқандығын көрсетті.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Тойбазарова Н.Ә. *Интербелсенді оқыту технологиясы//Оқу құралы. №120, 2019. – 89 бет.*
2. Фромм Э. *Человек для себя. – М., 1992.*
3. Бөрібекова Ф.Б., Жанатбекова Н.Ж. *Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар. 2014. – 360 бет.*
4. Нуртанова Ж.Ж. *Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық ойлау қабілеттерін дамытуға арналған әдістемелік нұсқаулық. 2016 ж. – 27 бет.*
5. Симбаева С. *Белсенді оқу мен оқытуда қолданылатын әдістер//Әдістемелік құрал. №33, 2019. – 131 бет.*
6. Әлімов А.Қ. *Интербелсенді оқу әдістемесін мектепте қолдану. Оқу құралы. – Астана: 2014. – 188бет.*
7. Үмарова А.Т. *Оқытудың интербелсенді әдістері//International scientific journal “Global science and innovations 2021: central Asia” Nur-sultan, Kazakhstan, February 2021. 2021. – 4 бет.*
8. Ахылбек А.А. *Кәсіптік білім беру үрдісінде оқытудың белсенді және интербелсенді әдістерін қолдану әдістемесі. 2019. – 39 бет.*
9. Жапбаров А., Рахымбек Д., Жұмабаевва Ә.Е. *Оқытудың жалпы әдістемесі: оқушылардың ойлау және сөйлеу әрекетін дамыту. Бесінші кітап.2021.-292бет.*

10. Жайлауова, М. К. Мектепте интербелсенді оқытудың формалары мен әдістері. 2015. – 25 бет
11. Интербелсенді әдістер:  
<https://thepresentation.ru/pedagogika/interbelsend%D1%96-%D3%99d%D1%96s-t%D3%99s%D1%96lder%D1%96>
12. Эпифания, Д.Б. Шығармашылық қабілеттер психологиясы: Оқу құралы. студенттерге арналған оқу құралы. жоғары. оқу құралы. мекемелер. [Мәтін] / Д.Б. Эпифания // М.: «Академия» баспа орталығы, 2002. -320 б.
13. Винокурова, Н.К. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту үдерісін басқару [Мәтін] // Бас мұғалім – 2002 — №1
14. Голушко О.А. «Әдебиет» және «орыс тілі» бағыттары бойынша зерттеушілік іс-әрекет барысында оқушылардың шығармашылық ойлауын қалыптастыру мүмкіндіктері /О.А.Голушко //Дарынды бала.-2009.-N 1.-112-120 б.
15. Федотова, Т.И. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін зерттеу жұмысының элементтерін қолдану. [Мәтін] / Т.И. Федотова // Дарынды бала. — 2009. — №. 1. — 106-111 беттер.
16. [https://ust.kz/word/bayandama\\_bastayys\\_synypta\\_interbelsendi\\_adisterdi\\_qoldanydyng\\_mangyzy\\_-252356.html](https://ust.kz/word/bayandama_bastayys_synypta_interbelsendi_adisterdi_qoldanydyng_mangyzy_-252356.html)

#### **Авторлар туралы ақпарат:**

1. Тұрғанбаева Бейбітгүл Шәкәрімқызы — педагогика ғылымдарының кандидаты, Шәкәрім университеті КЕАҚ (Семей қ., Қазақстан)
2. Болат Ақтолқын Мұратқызы (корреспондент, автор) – МПМНО – 2401 тобының 1 курс магистранты, Шәкәрім университеті КЕАҚ (Семей қ., Қазақстан)

#### **Information about the authors:**

1. Turganbayeva Beibitgul Shakarimkyzy – candidate of pedagogical sciences NAO Shakarim University (Semey, Kazakhstan)

2. Bolat Aktolkyn Muratkyzy (correspondent, author) – 1st year master’s student, group MPMNO – 2401 NAO Shakarim University (Semey, Kazakhstan)

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.